

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Хаттама №3

Өткізілген күні: 20.02.2026 жыл
Қатысқандар: 25

Қамқоршылық кеңестің №3 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Тәрбиешілермен бірлескен түрде балабақша ішілік іс-шаралардың ұйымдастырылуына ат салысу.
3. Балабақша әкімшілігімен педагог қызметкерлерімен ҚР-нң «Неке және отбасы» заңын «баланың құқығы туралы» конвенциясын талқылау.

1. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп отыр.

2. Тыңдалды:

Балабақша әдіскері: Г.Ж. Ниетбаева сөз алып, тәрбиешілермен бірлесіп балабақша ішілік іс-шараларды (мерекелік ертеңгіліктер, тәрбиелік шаралар, байқаулар, көрмелер) ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Іс-шаралар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұжымдық жұмысқа үйретуге және тәрбиелік мәнін арттыруға бағытталатыны айтылды. Тәрбиешілер өз ұсыныстарын айтып, әр топтың іс-шараларға белсенді қатысуы қажет екендігін білдірді.

3. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина педагог-қызметкерлерге ҚР «Неке және отбасы туралы» заңы және «Бала құқықтары туралы» конвенциясының негізгі баптары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Заңдардың негізгі мақсаты – баланың құқықтарын қорғау, оның қауіпсіз әрі қолайлы ортада тәрбиеленуін қамтамасыз ету екені айтылды.

Сөйледі: Балабақша әдіскері Г.Ж. Ниетбаева педагогтар оқу -тәрбие процесін ұйымдастыру барысында «Бала құқығы туралы» конвенция талаптарын орындап, сақталуын қамтамасыз ету керектігін айтты.

Педагогтар бала құқығын сақтау, ата-аналармен жұмыс барысында заң талаптарын ескеру қажеттілігі туралы пікір алмасты.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы қамқоршылық кеңестің күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, шешім қабылдады.

Шешім:

1. Балабақшада өткізілетін барлық іс-шараларды тәрбиешілермен бірлесіп ұйымдастыру жүйелі түрде жүргізілсін.

2. ҚР «Неке және отбасы туралы» заңы және «Бала құқықтары туралы» конвенциясының талаптары педагог қызметкерлер тарапынан қатаң сақталсын.



Төрайым: А.Е Карабалина
Хатшы: Г.Ж Ниетбаева